



ПРИОЗЕРСКИЙ

Вестник

№ 08/704

26 февраля 2021 года

18+

газета издается с 26.06.2004 года

8-Наурыз – Әйел-қыздар мерекесі

Алғыс айту күні

ӨМІРДІҢ ГҮЛІ – АНАЛАР!

Жыл сайын міндетті түрде аталып отілетін ең керемет мерекелердің бірі – аналарға, әйел-қыздарға, бір ауыз сөзбен айтқанда НӘЗІК ЖАНДЫ тұлғаларға апрелге 8-наурыз мейрамы көктемнің алғашқы онкүндігіне тура келеді. Тарих парағын ақтаратын болсақ, 1857-жылдың 8-наурызынан бастап әлемдегі күллі еркектер бұл күні әйелдерге ерекше көңіл бөледі. Ежелгі Римдіктер көктемнің алғашқы айын әйелдер мейрамы деп атап алады. Бұл күні әйелдер қауымы сүйіктілерінен сыйлық алып, мәре-сәре болып жатады. Тіпті бұрынғы атам заманда да жарлы-күндер де назардан тыс қалмаған. Мереке күні әр жерде демалыс жарияланып келеді. Ежелгі дәуірде әйелдер барын киіп, мерекелік көңіл-күймен шіркеулерге барған.

Бүгінде бұл мерекені қалай бағалаймыз? Жалпыхалықтық сауалнама нәтижесіне көңіл бөлсек, таңдаушылардың 66 пайызы бұл – нәзік жандарға арналған мереке десе, 18 пайызы наурыз – көктемнің бастауы, 8 пайызы қосымша демалыс күні деп санайды екен. Кім қалай демесін, біздің елімізбен бірге өзіміз өмір сүріп жатқан Приозерск қаласының тұрғындары да бұл көнді ерекше ықыласпен күтіп алып, нәзік жанды тұлғаларды мерекелерімен арнайы құттықтап, оларға өз қалауларынша сыйлықтар жасайды және гүл шоқтарын ұсынып жатады.

«Бәрі де, Ана,

Бір өзіңнен басталды.

Сен деп жаздым алғаш өлең, дастанды.

Қуандым ба,

Өзің бар деп қуандым.

Жыладым ба,

Өзің жоқ деп жас тамды.

Бәрі де, Ана,

Бір өзіңнен басталды», - деп Қадыр Мырзаліев жырлағандай бұл өмірдің мәні де, сәні де аяулы аналарымыз. Сондықтан мейірім шуағын төккен абзал жандардың мерекесіне орай жүрекжарды сөздерімізді қаншалықты арнасақ та, аздық ететін шығар...

«Анасы бар адамдар ешқашан қарғаймайды». Расында да, анамыз барда жасымыз жүздің асуынан асса да, өзімізді әрқашан бейкүнә сәбидей сезінеміз. Небәрі үш-ақ әріптен құралған сөзге қаншама мән-мағына жатыр. Түн ұйқысын төрт бөліп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, әрдайым баласы үшін шырпыр болып жүретін анамыздың жұмақ иісі аңқыған, балдай тәтті ақ сүтінің алдында мәңгілік қарыздармыз. «Анаңды үш рет Меккеге арқалап апарсаңда ақ сүтін ақтай алмайсың» деген халық даналығы бұл сөзіміздің айғағы болмақ. Ана жайлы ойыңды, ыстық лебің мен ақ тілегіңді айтып тауысу мүмкін емес. Әркімнің өз анасына деген құрметі, махаббаты шексіз. «Анаңның ақылы жүздеген ұстаз, мың сан мектептен артық тәрбие», - деген ұлағатты сөз бекерден бекер айтылмаса керек. Себебі, қандай тәлім-тәрбие беріп, сені алтын мен аптап, күміспен күтпеп қойса да, анаңның берген ақылы мен жылы алақанына ештеңе таты-

Ерлан БАКИРОВ,

Приозерск қаласының архившісі

Жүздерінде арайы бар ақ таңның,
Балбөбекті аналардай баптар кім?

Бұл өмірге адамзатты әкелген,
Мақтансаңдар, Аналармен
мақтанғын.

Ана деген – майыспайтын
шынарсын,
Бала жанын өзің ғана ұғарсын.



майды. Сондықтан, барлық адам баласы ана алдындағы перзенттік парызын өтеп, ақ сүтін ақтап, осы киелі жандардың бақытты болуын ойлау керек. Себебі, ең бақытты адам – анасы бар адамдар. Сондықтан да сіз амалдарыңыз жазылған жеке кітаптың авторысыз. Кітабыңыздың ұлы сот күні оқуға тұрарлық екеніне көз жеткізіп, ана – бақыт деген кітаптың бірінші парағы екенін ұмытпағайсыз. Себебі, Пайғамбарымыздың өзі, «бірінші ананды, екінші ананды, үшінші тағы да ананды сыйла», - деген екен.

Ана – отбасы ұйытқысы, берекесі, тірегі һәм жүрегі. Ананың балаға деген мейірімі шексіз. Күннің нұрындай төгіліп тұратын сол мейірімді, жылулықты, шапағатты бәріміз іздейміз, аңсаймыз... Бірақ таба алмаймыз! Себебі, бұл жалғанда дәл анамыз секілді ешбір адам бізге қамқорлық көрсете алмайды-ау. Оны мен түсіндірмесем де, Анадан туған әрбірі білетін шығар. Ана – өмір. Әрбір жанның кішкентай ғана жүрегін елжірететін, санасына сансыз ойлар ұялататын, көздеріне күн нұрындай сәуле төгіп, езуіне жылымас күлкі сыйлайтын «АНА» сөзінің мән-мағынасы зор. Бізге осынау жарық дүниені сыйлап, түн ұйқысын төрт бөліп, көз ілместен баласын әлпештеп, әр басқан қадамын мұқият қадағалап, сүріне қалса лезде жанынан табылатын, жылса жаны ауыратын, қуанса бақытқа кенелетін, ер жетіп, аяғынан тік тұрғанша күн демей, түн демей еңбектенетін аяулы да ардақты аналарымыз барлық сый-құрметке, ғаламдағы асыл қазыналардың ең құндысына әбден лайықты жандар. Ал біздің парызымыз ананың ақ сүтін ақтап, абыройын асқақтатып, еңбегінің жемісін көрсету, қартайған шағында әрдайым жанынан табылып, мейірімге бөлеу. Анамыз үшін қаншалықты жақсылық жасасақ та, бұл олардың бізге берген тәрбиесі мен жылулығымен салыстырғанда титімдей ғана, оның орнын ешқашан толтыра алмақ емес. Ана мен бала махаббаты мәңгі болмақ. Бұл жандар бірін-бірі сезеді, жүректері бірін-бірі жылытады, жұбатады. Анасы бар адам – әлемдегі ең бақытты адам.

Көктем айының ең алғашқы мерекесімен қаламыздағы асыл аналарды, ақылман әжелерді, қызғалдақ-қыздарды, көңілді келіншектерді шын жүректен құттықтаймыз. Зор денсаулық, ұзақ та мәнді ғұмыр, отбасылық бақыт, шат-шадыман көңіл тілейміз!

АНАЛАРМЕН МАҚТАНҒЫН

Тірлігінде соған сыйла барынды,
Шын пейілден Ана жаны қуансын.

Дүниенің ашқан бізге есігін,
Танды атырып тербететін бесігін.
Махаббаты бар ғаламға жететін,
Ардақтайық аналардың есімін.

АЛҒЫС АЙТУ – ПАРЫЗЫМ!

1 наурыз елімізде жалпыхалықтық мереке – Алғыс айту күні. Бұл күні қазақстандықтар бір-біріне құрмет көрсетіп, ризашылығын білдіреді. Бұл күнгі мерекеді қазақтардың ынтымақшылдығы мен достастығының символы, қонақжайлылығының көрсеткіші ретінде атап өтіледі. Осы күнде адамдар бір-біріне, ата-аналарына, балаларына алғыс айтып, уақытын отбасымен және достарымен бірге өткізеді. Бір сөзбен айтқанда, алғыс айту күні – адамдардың бір-бірімен достық, туыстық, жағымды қарым-қатынас орнатуға бір кадам жасайды. Бұл күнгі мерекеді бір-бірімен ренжісіп қалғандар татуласып, бір-бірінен кешірім сұрап, айналасындағыларға алғыс айтулары керек.

Қазақстанда бұл мереке 2016 жылдан бастап атап өтіліп келе жатыр. Уақыт өте келе бұл мерекені асыға күтетін сүйікті мейрамдарымыздың біріне айналатынына сенімдімін. Бұл күн өте өзгеше болуы керек. Қазақ «Кен болсаң, кем болмайсың» - деген әрқашан. Сол мінездің арқасында өзіңіз ғана емес, өзгенің де көңілін тауып келеді. Кішіпейілділік, кешірімді болу, алғыс айта білу секілді қазақи қасиеттер де бойымызға

дарыған. Сондықтан, көктемнің алғашқы күні алғыс айту мерекесінде ең алдымен айналамыздағы адамдармен жақын болуымыз керек.

Осыған орай, «Приозерск қалалық кітапханасы» КММ-нің балалар бөлімінде «Алғыс айту – парызым!» атты тәрбие сағаты онлайн форматта өткізілді. Балалар видео арқылы ата-аналарына, ұстаздарына, туыстарына, достарына өз алғыстарын білдірді.

Тәрбие сағаттың мақсаты: Балаларға жанұяға, ата - анаға, үлкен - кішіге деген сүйіспеншілікке, ризашылық пен алғыс білдіруге баулу, бір-бірімен үйлесімді қарым-қатынас жасай білуге үйрету және де салт-дәстүрлердің, мәдениеттің өзіндік үлгі-өнегесін балалардың бойына сіңіру. Бейбітшілікте, татулықта өмір сүруге тәрбиелеу.

Ж.А. Құлмишева,

«Приозерск қалалық кітапханасы»
КММ-нің балалар бөлімінің
кітапханашысы

День благодарности

ПОМНИ И ГОРДИСЬ СВОЕЙ ИСТОРИЕЙ

Казахстан имеет богатую социальную историю становления страны в качестве многонационального государства. Со дня Независимости Республики Казахстана прошло 30 лет. Эти годы насыщены большими изменениями и переменами для Казахстана – вступление Казахстана в различные международные организации, в том числе в ООН, создание независимых государственных и военных учреждений, благоприятно сказывающих на сам Казахстан.

Посредством исторических событий, произошедших в Казахстане, определены даты, которые являются значимыми для всех казахстанцев. Одной из таких дат является 1 марта - «День благодарности».

С 1920 г. и до смерти Сталина в СССР прошли 52 депортационные кампании. Казахстан стал «пунктом назначения» для многих эшелонов с людьми. Хотя мы эту историю принимаем, как за горькую правду, но нам стоит отметить, что этот процесс объединил дух и единство многонационального народа, проживавшего в Казахстане.

Казахи никогда не были равнодушны к тем событиям, и каждая вторая казахская семья принимала других этносов к себе домой, как своих родных. Одной из таких семей является семья Нурсултана Абишевича Назарбаева, Первого Президента Республики Казахстана. Он вспоминает на 22-й сессии Ассамблеи Народа Казахстана, что его семья, жившая в маленьком доме, в котором проживало достаточно большое количество детей, приняла другие семьи другого этноса. На то время, по словам

Елбасы: «Были депортированы 800 тыс. немцев, 400 тыс. поляков, 550 тыс. представителей народа северного Кавказа, и около 100 тыс. корейских семей из дальнего Востока. Их выгрузили прямо из вагонов, в которых возили скот. В этой степи жили казахи, только они могли их принимать в деревнях и городах».

Главной ценностью была человеческая Жизнь. Казахи, сами пережив ужасный голод, унесший половину народа, делились последним со спецпереселенцами. В своих воспоминаниях, свидетели тех событий, отразили бескорыстие и сострадание степного народа. Именно тогда ковался и закалялся особый характер казахстанского народа. Именно этот удивительный сплав разных культур и лежит в основе сегодняшних принципов Мира и Согласия современного государства - Казахстан!

Таким образом, те страшные события остались в памяти народа, и они стали частью истории Независимой Республики Казахстан. Для того, чтобы наши предки не забывали, а наша молодежь помнила о тех эпизодах, в 2016 году инициативой Елбасы принято решение, что 1 марта, наравне с созданием «Ассамблеи Народа Казахстана», будет также праздноваться «День благодарности».

1 марта является Днём символа милосердия, дружбы и любви всех казахстанцев друг другу.

ГУ «Отдел внутренней политики,
культуры и развития языков
города Приозерск»

Өтелмейді АНАЛАРДЫҢ парызы,
Үш апарып, әкелсек те Меккеге!

Көктем келсе құлпырады дала да,
Ана-көктем: егіз ұғым санада.
Екеуі де құдіретті ұлы күш,
Қарыздармыз мәңгі-бақи Анаға!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ



ҚҰНДЫ БАЙЛЫҚ – ТӘУЕЛСІЗДІК!



Биылғы жылдың ең маңызды оқиғасы – қазақ елінің өз Тәуелсіздігін алғанына 30 жыл толатын мерейлі мерекесі екендігіне сөз жоқ. Тәуелсіздікке жетер жол қай кезде де, қай елде де жеңіл болмаған. «Ащы менен тұщыны татқан білер, жақсы менен жаманды жортқан білер» дегендей, мемлекет құрудың қанша-лықты күрделі, қаншалықты қиын екенін оның басы-қасында жүргендер ғана сезіне алатын болса керек. Осы орайда тәуелсіздікке қол жеткізу жолы – ұлы жол десек, артық айтқандық болмайды.

16-желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні. Бұл – теңдесі жоқ тарихи күн, Ұлттық мереке. Бұл кешегі бабалардан қалған жәдігер сөз. Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін ел дамуында жаңа тарихи кезең басталды. Бейбітшілік пен келісім, саяси тұрақтылық пен экономикалық өрлеу жүйесі қалыптасты. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен егемен еліміз әлем қауымдастығынан лайықты орын иеленді. Аз ғана уақыттың ішінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты, мәдени, рухани келбеті бұрын болып көрмеген биік деңгейге көтерілді. Тарих ауқымында 30 жыл – қас-қағым сәт болып көрінуі мүмкін. Алайда, елімізде қысқа мерзімде жүздеген жылдарға пара-пар келетін ауқымды қадамдар жасалды. Тәуел-

сіздіктің өткен осы жылдар белесінде мемлекетіміз талай қиындықтарды еңсеріп, биік асуларды бағындырды, Қазақстан деген мемлекетті, қазақ деген елді бүкіл дүние жүзі таныды. Еліміздің осындай биіктерді бағындыруына, әлеуметтік-экономикалық дамуына жұмыла біріктірген ынтымағымыздың арқасында қол жеткізіп отырмыз. Біз көп ұлысты мемлекетпіз, дегенмен соған қарамастан бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келеміз. Бұның барлығына ауызбіршіліктің арқасында жеттік деуге болады.

Тәуелсіздік жылдары ел бірлігі нығайып, халқымыздың бейбітшілік аясындағы тұрмысы жақсарып, әлемдегі озық отыз ел қатарына қосылуға ұмтылудамыз. Өткен 29 жыл Қазақстан Республикасының мемлекет ретінде қалыптасу, нығаю кезеңі болды. Күннен-күнге жер-жаһан да, қоғамдық үдерістер де, адамзат баласының сана-сезімі де тез өзгеріп, жаңа сапаға ие болуда. Енді осы кезеңге дейінгі жеткен жетістігімізге шолу жасасақ: Қазақ халқы 1990-жылдың 25-қазанында Егемендік туралы Декларация қабылдады. Одан кейін 1991-жылғы 16-желтоқсан күні Тәуелсіздігін жариялап, заң жүзінде шынайы бостандыққа жеттік. Жетпіс жыл бойы үстемдік еткен кеңестік қоғамның күйреу кезеңіне тап болған біздің ел көптеген қиыншылықтарға тап болғанына да куә болдық. Бір қуанарлығы, бабаларымыз айтқандай: «күннің жаманы кетті»... Н.Ә. Назарбаев қол қойған алғашқы Жарлықтарының бірі – 1991-жылғы тамыздың 29-жұлдызындағы «Семей полигонын жабу туралы» Жарлық болды. Елбасының осы тарихи шешімі, батыл қадамы бүгінде дүние жүзіне мәлім тарихи фактіге және біздің ұлттық мақтанышымыздың мәніне айналды. Ең алдымен, қол жеткен жетістік бостандық жайында бірер сөз. Тәуелсіздікке қол жеткен халықтың бостандығын айғақтайтын қасиетті Ата Заңымыз бар. Одан әрі мемлекет екенімізді әлемге танытатын елтаңба, ту, әнұран бар. Қаншама ғасырлар бойы ақ білектің күші, көк найзаның ұшымен қорғаған жерімізді, шекарамызды түгелге жуық белгіледік, бұл да ең қымбат бостандықтың басты сипаты. Экономикалық өрлеу үстіндеміз, құрсақ

тойып, киім бүтін-деліп, мәшине мініп, жекеменшік иесі, жер иесі болып шыққан халық бостандықтың тәтті жемісін көруде. Білім-ғылымда да бостандық иесі аңқып тұр, күні кеше екі ғана университет болса, енді екі институт табу қиын, білімді толығымен университет, академия дәрежесіне жеткіздік, бостандық емей немене, теңіздің ар жағында «Болашақ» степендиясымен жастарымызды оқытып жатырмыз. Республика бойынша 100 мектеп, 100 балабақша бағдарламасын қабылдап, бірнеше мектептер мен балабақшалар ашылды. Тәуелсіздік тағылымы жайында айтқанда бар даусымызбен мақтанып, шаттанып айтатын бір белгі – өз Елордамыз бар. Ұлы хандарымыз ту тіккен Ұлытау, Көкшетау, Түркістан аймағы мен кеңес билігі Қазақстанның астанасы еткен Орынбор, Қызылорда, Алматы қалалары тарих қойнауына өтіп, ғасырлар тоғысында өз Тәуелсіздігін жариялаған мемлекеттердің ішінде біз тұңғыш рет ғажайып шаһарын асқақтаттық. Қазір дүние жүзіндегі дамыған көп елдер секілді біздің де елдің саяси, экономикалық, өнер, білім, туризм орталығы болып саналатын екі қаламыз бар. Қазір Елордамызға сыртан келген қай елдің адамы болса да таңырқамай қарай алмайды. Тәуелсіздік аренасына өз желкенін көтеріп шыққан еліміздің халық-аралық қатынастағы жеңісі мен жетістігі де бостандығымызды айқындайтын биік өлшем. Бұл күндері бізді әлемнің түкпір-түкпірі таниды, жүзден астам елдермен елшілік қатынас орнатқан салмақ, салмақты елдер санатындамыз.

Тәуелсіздік бізге не берді десек, Тәуелсіздік ойға еркіндік берді. Азат өмірге қол жетті. Дамыған елдермен тереземіз тең болды! Тәуелсіздікпен бірге біз елдік дәстүр мен мемлекеттік мәдениетті жаңғырттық. Осылайша, төрткүл дүниені ат тұяғымен дүбірлеткен даңқты бабалардың «Мәңгілік ел» мұратын қайта жалғадық. Қазақстан осы жылдары Біріккен Ұлттар Ұйымы сияқты көптеген халықаралық ұйымдардың толыққанды мүшесіне айналды. Құрамына 57 мемлекет кіретін Ислам Конференциясы Ұйымына басшылық жасады. Спорттағы жетістіктерін төрт-күл дүниеге паш етті.

Тәуелсіздік жылдарынан бері қазақстандық спортшылар ондаған жазғы және қысқы Олимпиада ойындарына қатысып үлгеріпті. Қазақстандық спортшылар Әлем чемпионаттарында, Әлем Кубогы жолында, Азия чемпионаты мен Азия ойындарында да түрлі жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Геннадий Головкин, Александр Винокуров, Серік Сапиев, Бақтияр Артаев, Данияр Елеусінов, Денис Тен, Сабина Алтынбекова, Светлана Подобедова, Майя Манеза, Қанат Ислам, Жәнібек Әлімханұлы т.б. ондаған спортшыларымыз қазақ елін әлемге танытуға сүбелі үлестерін қосты.

Қазақстан өнер мен мәдениетте өз абыройын көтере білді. Әлемдік діндер өкілдерінің басын қосқан алқалы отырыстар өткізу дәстүрге айналды. Осы егемендігіміздің арқасында Қазақстан халықаралық арена-ларда зор жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Соның бір айғағы Еліміз бүкіләлемдік «ЭКСПО – 2017» көрмесін Астанада 3 ай бойы үлкен абыроймен өткізіп шықты. Бұл Қазақстанның экономикалық қуатын жаһанға танудың айқын көрінісі екені сөзсіз. Бұл – еліміздің тәуелсіз тарихына алтын әріптермен жазылып қалатын аса зор саяси оқиға.

Тәуелсіздік, Бостандық бір күннің әңгімесі емес. Өр рухты бабаларымыздың арманы болған, бүгінгі бақытты ұрпақтың келешегін баяндайтын бостандық биік көтеріп тағзым ету – ұлттық парызымыз. Тәуелсіздік, азаттық, бостандық – ең қымбат байлығымыз. Халқымыздың дәл осы пейіліне ғасырлар бойы күткен, іздеген тәуелсіздік, бостандық дегеніміз ақын М.Жұмбаев айтқандай: «Бостандық ізгі періште...» демекші, ақ періштедей өзі келіп қолымызға қонды. Енді осы пейілімізге келген Тәуелсіздіктің туын биік ұстау – перзенттік парызымыз, бабалар алдындағы мәңгілік қарызымыз.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге арналған облыстық іс-шаралар жоспары 12 тақы-ыптық бағытқа бөлінді.

Ақпан айының тақырыбы – «Қазақстан - спорттық ұлт». Бұл айда қысқы спорт түрлерінің фестивалі және отбасылық спорттық жарыстар өткізу көзделген.

ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

Осыған орай, 2021 жылғы 20 ақпан күні «Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі қала тұрғындары арасында «Конки» жарысында 111 м қашықтықты 32,15 секундта бағындырған Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№2 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің оқушысы Керім

ліктерін шыңдау, салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау. Қала тұрғындары жарысқа белсенді қатысты. Ұлдар арасында «қонкимен жылдам жүгіру» сайысында 111 м қашықтықты 32,15 секундта бағындырған Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№2 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің оқушысы Керім

Ақылбек жеңісті қанжығасына байлады. Ерлер арасында 111 м қашықтықты 24,61 секундта Мырзалиев Ерлан, 24,77 секундта Кемалов Данияр иеленді. Жұлделі орындарға не болған спортшылар мақтау қағаздарымен және естелік сыйлықтарымен марапатталды.

А. Ж. Лұқпанов,
«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ
адіскері



Детство есть великая пора жизни, когда закладывается основание всему будущему нравственному человека.

Н.В. Шелгунов

Трудно не согласиться с этим утверждением, потому что именно в детстве закладываются основы патриотизма, гражданственности, уважения к своей истории, к людям. В разные века, защищавшим Родину, воспитание готовности к подвигу – в общем всего, что является основой жизнеспособности любого общества и государства.

Патриотическое воспитание подрастающего поколения всегда являлось одной из важнейших задач современной школы, ведь детство и юность – самая благодатная пора для привития священного чувства любви к Родине.

Функции, осуществляемые системой военно-патриотического воспитания, определяют ее структуру. В организационном плане частями системы являются: учебный

ВСТРЕЧА С ВОЙНАМИ-ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТАМИ

процесс, внеклассная работа, направлениями системы являются духовно – нравственная, историческая, патриотическая, воинская и физическая подготовка.

15 февраля каждый год мы отмечаем «

интернационалистами города, под названием «Ауғанның от – жалыны». На встречу были приглашены воины-интернационалисты Крупский Валерий Викторович, Турибаев Полат Канатович, Акмурзаев Бердібек



День вывода советских войск из ДРА». Этот год тоже не стал исключением. 12 февраля в КГУ «Общеобразовательная школа № 2» отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области была организована встреча с войнами-

Таусканович, методисты городского отдела образования курирующие военно – патриотическое воспитание, представитель подшефной воинской части 60601 заместитель командира по идеологии подполковник Бейсеков Даулет Нариманович.



Войнам – интернационалистам, силами школьного ВПК «Сағадат» и участников военно – патриотического движения «Жас Сарбаз» был организован миниконцерт. Во время встречи состоялся диалог между детьми и войнами – интернационалистами. С благодарной речью выступил воин-интернационалист Крупский Валерий Викторович, рассказал детям о своей юности, о своих воспоминаниях прошедших во время той войны. Также выступили представители школы, методист городского отдела образования Жакупова Айдана Мухамедиевна, заместитель командира воинской части 60601 по идеологии подполковник Бейсеков Даулет Нариманович.

Встреча прошла в теплой дружественной обстановке, закончилась общим фото войнов – интернационалистов и детей.

М.С. Мадешев,
заместитель директора
ОШ № 2 по ВВП



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН ҚҰРЕС - БАРЛЫҚ ҰЛТЖАНДЫ АЗАМАТТАРДЫҢ ПАРЫЗЫ

Қоғам өмірінің экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани-мәдени, құқықтық салаларының дамуына барынша кедергі жасайтын қауіпті құбылыстардың бірі сыбайлас жемқорлық.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 1-бабы 6 –тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің

лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу деп ұғынылады.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті

неленіп алу немесе ысырап ету, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орын-дамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлық еліміздің экономикасына, әлемдік қоғамдастық алдында мемлекеттің беделіне нұқсан келтіріп, билікке деген халық сенімін күйретеді.

Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге, заң талаптарын орындауды және онда көзделген тәртіптік шараларды қолдануды, кадр, бақылау, заң қызметтері мен басқа да қызметтерді

Жемқорлыққа жол жоқ!

осыған тарта отырып, қамтамасыз ету міндетті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заң талаптарын іске асыру мемлекеттік қызметшілердің жауаптылығын арттыруда үлкен рөл атқарады. Қоғамымыздың барлық саласына ден-деп еніп бара жатқан жемқорлықтың жолына батыл тосқауыл қойып, олардың зардаптарын жою және мүдделілерді жауапқа тарту бүгінгі күннің ең басты міндеттерінің бірі. Осындай келеңсіз құбылыстармен бітіспес күрес жүргізу тек сот, құқық қорғау немесе мемлекеттік органдардың міндеті емес, барлық ұлтжанды азаматтардың парызы.

Б.Ж. Калмурзина

ҚР АШМ ВБэсҚК Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының басшысы

Цифрлық әлем

Аптальқтық мақсаты: Информатика пәні бойынша білімді жалпылау, жүйелеу және ойын әдістерін қолдану арқылы ақпараттық сауаттылық апталығын дайындау және өткізу барысында оқушылардың бейресми қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Аптальқтық міндеті: Күнделікті өмірде, оқуда және одан әрі еңбек қызметінде ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану білігін дамыту;

Информатикаға және АКТ-ға қызығушылықты қалыптастыру және нығайту;

Ақпараттық технологиялар саласында оқушылардың дайындық деңгейін арттыру.

2021 жылдың 01 ақпанында облыстық «Зейін» жобасы аясында «Цифрлық әлем» ақпараттық сауаттылық апталығы болып өтті. Мектептің I қабатта «Цифрлық әлем» тақырыбында стенд безендіріліп, «Менің болашақ мектебім», «Компьютер менің досым» тақырыптарында бастауыш сынып оқушылары салған суреттер мен қолдан жасалған бұйымдардан көрме жасалды.

1-күн: «Ғаламторға саяхат», «Интернеттегі қауіпсіздік» тақырыптарында информатика мұғалімі А.Б.Черниязова бастауыш сыныптарына сынып сағатын өткізді. Топ мүшелері пазл құрастырып, ақпараттық әріптестерден сөздер құрастырып, ғаламтордың пайдасы мен зияны туралы ережелерді жарыса шарға жазып, сөзжұмбақ шешті. Оқушылар сабаққа белсенді қатысып, өз білімдерін жоғары дәрежеде көрсетті.

Мұғалім Қасқатаева Г.Қ жоғары сынып оқушыларымен Zoom платформасы арқылы «Интернеттегі қауіп қатер» тақырыбында қашықтықтан сабақ өтті. Рахманқұлова А.С «Информационная безопасность» тақырыбында бастауыш орыс сыныптарына сынып сағатын өткізді.

2-күн: «Зейін» жобасы аясында «Цифрлық әлем» ақпараттық сауаттылық апталығының 2-ші күні, 10-11 сыныптар арасында Zoom платформасымен «Веб дизайн біздің өмірімізде» сабағын өткізді. Сабақтың мақсаты: Оқушыларға Web-дизайн туралы түсініктерін тереңдету, дизайн ұғымы мен таңыстыру. 7-8 сынып оқушылары видеомонтаж негіздерін жақсы меңгергендігін көрсетіп, «Менің әлемім», «IT әлем» тақырыптарына видео жасады. Сабақ қашықтықтан өтті. Информатика мұғалімі Рахманқұлова Алтынай Сабиржанқызы 9 «а» сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел өткізді. Мақсаты: Желідегі мінез-құлықтың негізгі

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «№2 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КММ-ДЕ «ЦИФРЛЫҚ ӘЛЕМ» АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ АПТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

нормаларын, чаттарда, электрондық пошта арқылы, телеконференцияларда қарым-қатынас этикасының ерекшеліктерін білу; ақпараттық қызметтің құқықтық реттелуі мен этикалық нормалары туралы білімді қалыптастыру;



3-күн: аптальқтық 3-ші күні, яғни, 2021 жылдың 03 ақпанында 10 сыныптар арасында Қасқатаева Гүлсім Қайратқызы «Компьютерлік сауаттылық» сабағын өткізді. Сабақтың мақсаты: Оқушыларға Компьютерлік сауаттылық туралы түсініктерін тереңдету, цифрлық сауаттылық ұғымы мен таңыстыру.

Қарағанды облысында білім беруді дамыту үшін оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырумен «Цифрлық әлем» ақпараттық сауаттылық апталығы аясында «Оқытудың белсенді әдістері» облыстық шеберлік-сыныптар, іс-тәжірибе алмасу сабағын информатика мұғалімі Черниязова Айпатча Бозоровна, «Quizizz.com» платформасы арқылы қашықтықтан оқытудың тиімділігі» атты тақырыпта, сабақта қолданатын технологиялармен бөлісті. Рахманқұлова Алтынай Сабиржановна 3 сыныпта сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: нақты сұрақтарға жауап табу үшін Интернетті іздеу жүйелерін пайдалану; желідегі қалаусыз контактілердің тәуекелдерін қарапайым түсіну.

4-күн: «Цифрлық әлем» ақпараттық сауаттылық апталығының 4 күні 5 сыныптар арасында робототехникадан «Сызық боймен жүру» атты роботтар жарысы өтті. Оқушылар EV-3 роботтарын өздері құрастырып, роботқа программасын жазды. «Цифрлық сауаттылық» тақырыбында 4 сынып оқушыларына информатикадан интеллектуалды ойын өткізілді. Мақсаты: ақпараттық техно-

логияларды қолдану, білімдерін жүйелеу. «Мәліметтер типін жіктеу» Python программасын меңгеру мақсатында 6 сыныптармен Zoom платформасымен онлайн ашық сабақ өтті.


Рахманқұлова А.С 3 сыныптар арасында сынып сағатын өткізді. Сабақтың мақсаты: интернеттегі алаяқтық мысалдарын келтіреді; интернеттегі агрессия мысалдарын келтіреді; интернеттегі алаяқтық/агрессиядан қорғау әдістерін тізімдейді және түсіндіреді; құпия ақпараты бар құжаттарға, мұрағаттарға сенімді пароль орнатады.

5-күн: «Цифрлық әлем» ақпараттық сауаттылық апталығының 5 күні 3 сынып оқушыларына «Білім берудегі ақпараттық сағат» ақпараттық сауаттылық сабағы өткізілді. Мақсаты: АКТ дұрыс қолдану, қауіпсіздік ережелерін сақтау, білімдерін тереңдету. 3-4 сыныптар арасында «Компьютерменің досым», «Менің-цифрлық әлемім» тақырыптарында суреттер байқауы өткізілді.



ZOOM платформасында мектеп психологы Уалиханова Алуа Уалиханқызы 5 сыныптың ата-аналарымен "Интернет желісіндегі балалардың қауіпсіздігі" тақырыбында жиналыс өткізді. Жалпы жиналыстың негізгі мақсаты: ғаламтордағы қауіп-қатермен күресте ата-ананың жауапкершілігін нығайту, балалар өмірінің қауіпсіздігін арттыру.

Аптальқтың соңғы 06 ақпан күні Қарағанды облысы білім басқармасы Приозерск қаласы білім бөлімінің «№2 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің информатика мұғалімдері, облыстық «Зейін» жобасы аясында «Цифрлық әлем» ақпараттық сауаттылық апталығының жабылуын өткізді. «Цифрлық әлемге қадамдар», «Менің болашақ мектебім», «Компьютер менің-осым»



тақырыптарында салған суреттер мен қолдан жасалған бұйымдар байқауында 3-4 сынып оқушылары марапатталды.

«Менің IT әлемім», «Менің цифрлық әлемім» тақырыптарында 6-8 сынып оқушылары арасында жасаған видеороликтер байқауында 6«в» сынып оқушыларына «Үздік бейнеролик» номинациясы, 5 сыныптар арасында өткізілген «Сызық боймен жүру» роботтар жарысында 5 «в» сыныбы оқушыларына және де апталыққа белсенді қатысқан оқушыларға мадақтамалар берілді. «Ақпараттық сауаттылық» тақырыптарында 6-7 сынып оқушыларына сынып сағаты өткізілді. Информатика мұғалімі Рахманқұлова Алтынай Сабиржановна 7 сынып арасында "Web - тәрбие ережелері" сабағын өткізді. Сабақтың мақсаты: білім алушыларға заманауи, ақпараттық-телекоммуникациялық ортада жауапты және қауіпсіз мінез-құлқы дағдыларын үйрету арқылы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Қорытындылай келе, ақпараттық технологиялар саласында оқушылардың дайындық деңгейінің жоғары екендігі және қызығушылықтары артқаны байқалды. Барлық іс-шаралар жоспар бойынша өткізілді. Апталықты ұйымдастырған Қарағанды облысы оқу-әдістемелік орталығына, Приозерск қаласының білім бөлімінің әдіскерлеріне, оның ішінде Шойбекова Перизат Ізімхановнаға алғыс айтамыз.

А.Б.Черниязова,
информатика мұғалімі

К сведению граждан

Бешенство (Rabies) – инфекцияльная болезнь, опасная для всех видов теплокровных животных. Болезнь характеризуется передачей через укус и острым течением, с признаками тяжелого поражения центральной нервной системы.

Источником возбудителя болезни – больные животные, выделяющие вирус со слюной и передающие его через укус. У собак известно несколько форм бешенства. При буйной форме вначале изменяется поведение животного. Собака угнетена, непослушна и чрезмерно ласкова. Постепенно нарастают признаки беспокойства и раздражительность, извращается аппетит, может возникнуть зуд в месте укуса. Затем затрудняется глотание. Нарастает агрессивность. Вскоре начинаются приступы буйства. Характерно стремление убежать. За сутки бешенная собака может пробежать десятки километров нападая на людей и животных.

БЕШЕНСТВО ЖИВОТНЫХ

Постепенно развивается паралич мышц, приводящий к полной потере голоса, отвисание нижней челюсти, косоглазие. Развивается паралич мышц задних конечностей, затем туловища, передних конечностей. Болезнь продолжается 8-10 дней, но нередко смерть наступает уже через 3-4 дня.

При тихой форме бешенства, которая часто встречается при заражении собак от лисиц, возбуждение слабо выражено или вообще отсутствует. Затрудняется глотание, отмечается слюнотечение, отвисание нижней челюсти. Быстро развиваются параличи мышц конечности и туловища, и через 2-4 дня животное погибает.

Профилактика бешенства

Непременные условия успешной профилактики бешенства – соблюдение правил содержания собак и кошек и уничтожение бродячих животных.

Физические и юридические лица – владельцы животных обя-

заны:

-соблюдать установленным полномочным органом в области ветеринарии правила содержания сельскохозяйственных животных, собак, кошек, пушных зверей и хищных животных;

-доставляют принадлежащих им собак и кошек в ветеринарные лечебно-профилактические организации для клинического осмотра и предохранительных прививок антирабической вакцины;

-не допускать собак, не привитых против бешенства, в личные подворья, на фермы, в стада, отары и табуны;

-принимать меры к недопущению диких животных к стадам, отарам, табунам, животноводческим помещениям, с этой целью выпасать сельскохозяйственных животных и содержать их на фермах, откормочных площадках под постоянной охраной с использованием вакцинированных против бешенства

собак;

-немедленно сообщать ветеринарному специалисту, обслуживающему хозяйство (населенный пункт), о подозрении на заболевание животных бешенством и о случаях покуса сельскохозяйственных и домашних животных дикими хищниками, собаками или кошками, принимая необходимые меры к надежной изоляции подозрительных по заболеванию или покусанных животных.

Покусавшие людей или животных собаки, кошки или другие животные (кроме явно больных бешенством) подлежат немедленной доставке владельцем или специальной бригадой по отлову безнадзорных собак и кошек в ближайшую ветеринарную организацию для изолирования и наблюдения ветеринарными специалистами в течение 10 дней.

Б. Калмурзина,
руководитель Приозерской ГТИ КВКуН МСХ РК

СЕНИМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

“Приозерск қалалық мәслихатының аппараты” мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16

Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ “Аппарат Приозерского городского маслихата” 5-49-16

Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных

“Приозерск қаласы әкім аппараты” ММ сенім телефоны 5-41-53

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ “Аппарат Акима города Приозерск” 5-41-53

График приема граждан: Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Акима (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов Заместитель Акима (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов.

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45

График приема граждан руководителем отдела – Еженедельно понедельник- четверг с 16.00 до 18.00 часов.

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов

“Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі” ММ сенім телефоны 5-28-57

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ “Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск” 5-28-57

График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала

құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48

Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-48-77.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ г. Приозерск»: 5-48-77.

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.

“Приозерск қаласының білім бөлімі” ММ сенім телефоны: 5-32-92

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәрсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ “Отдел образования города Приозерск” 5-32-92

График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99

График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.

Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – дүйсенбі – жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.

График приема граждан руководителем отдела - понедельник – пятница с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нің сенім телефоны 5-29-62.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.

Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час. ***

“Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі” РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ “Отдел экономики и финансов города Приозерск” 5-32-19, 5-24-87

График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.

Рабству - нет!

Если немного абстрагироваться от данной тематики, то каждый человек должен знать и использовать свои фундаментальные права. Право на свободу есть у каждого из нас, и никто не имеет права лишать человека свободы за исключением особых случаев, установленных законодательством.

Чтобы не стать жертвой торговли людьми, нужно всегда быть внимательным, и когда, к примеру, вы рассматриваете предложение о работе, нужно обращать внимание на детали контракта. Если вы решаете покинуть свою страну или свой город, то обязательно оставьте контактную информацию своим родным, друзьям, выходите с ними на связь, сообщайте, где и у кого вы находитесь. Это поможет вашим родным и близким в случае необходимости принять экстренные меры по вашему вызволению, вовремя обратиться в правоохранительные органы.

Ну и, конечно, нужно знать контакты организаций, куда можно обратиться в случае необходимости, ведь никто из нас не застрахован от подобных рисков, тем более, что торговля людьми происходит не только методами вербовки, иногда бывают и случаи похищения людей в целях эксплуатации. Поэтому нужно знать, куда можно обратиться в экстренном случае. В первую очередь, это правоохранительные органы, а также мы можем рекомендовать обращаться на национальную горячую линию 11616, которая работает бесплатно и круглосуточно на территории всего Казахстана. Позвонив на этот номер, вы можете сообщить о совершенных в отношении вас или иных лиц преступлениях или просто обратиться за консультацией, если вы получили какое-то предло-

КАК НЕ СТАТЬ ПОТЕНЦИАЛЬНЫМИ ЖЕРТВАМИ ТОРГОВЛИ ЛЮДЬМИ

жение о работе и хотели бы узнать, насколько это легально. Если же вы планируете выехать за границу, то нужно больше узнать о миграционном законодательстве этой страны.

Торговля людьми, основной целью которой является получение прибыли от эксплуатации людей, запрещена международным правом, и все больше Государств вносят ее в разряд противозаконных деяний в своем национальном законодательстве. Хотя область деяний, подпадающих под определение торговли людьми, варьируется в зависимости от национальной юрисдикции, Государствам вменяется в обязанность бороться с торговлей людьми и предоставлять защиту и помощь жертвам такой торговли.

В последние годы проблема торговли людьми привлекает значительное внимание, но явление это известно давно. В многочисленных правовых актах, принятых в конце XIX века и позднее, рассматривались различные формы и проявления торговли людьми.

Торговля людьми в контексте сексуальной торговли подтверждается многочисленными документальными свидетельствами и касается в первую очередь женщин и детей, которых принуждают заниматься проституцией и подвергают другим формам сексуальной эксплуатации.

Однако торговля людьми не ограничивается сексуальной торговлей или женщинами. Она также включает, как минимум, принудительный труд или услуги, рабство или обычаи, сходные с рабством, подневольное состояние или извlecчение

органов.

Общей характеристикой всех форм торговли людьми является то, что с жертвами обращаются как с товаром, «принадлежащим» торговцам, с полным пренебрежением к их правам и достоинству. В некоторых отношениях торговля людьми имеет сходство с незаконным ввозом мигрантов, который является предметом другого Протокола к Конвенции



против транснациональной преступности.

ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск»

ХАБАРЛАНДЫРУ * ОБЪЯВЛЕНИЕ**

“Ломбард Garant T” ЖШС сатылып алынбаған кепілдендірілген мүлікке 2021 жылғы 13 наурызда сауда-саттық жүргізілетінін мына мекенжай бойынша хабарлайды: **Приозерск қаласы, Балхашская көшесі - 4; сағат 12.00-ден 14.00 дейін. Телефон: 8(771)466-37-37.**

О.А.Мун-Хусаинова, “Ломбард Garant T” ЖШС директорының м. а.

ТОО “Ломбард Garant T” сообщат о проведении торгов невыкупленного залогового имущества 13 марта 2021 года по адресу: **город Приозерск, улица Балхашская - 4 . Время торгов с 12.00час. до 14.00час. Телефон: 8(771)-466-37-37.**

О.А.Мун-Хусаинова, И.О. директора ТОО“ Ломбард Garant T”

НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти **Серикбаева Рахмета Серикбаевича**, умершего 01 августа 2020 года. Имеющим наследникам обращаться к нотариусу **Ахметову Р.Б.** по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, тел. 8-775-1627005

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),

+7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prz_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сагпаева 15,

Заказ № 08/704. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,

формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы

обращаться по тел: **+7-705-466-60-63**

Корреспонденция принимается на электронный

адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.

Подписной индекс - 65041